

«Отаныма 25 игілікті іс» тақырыбында республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Отаныма 25 игілікті іс»** тақырыбында республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – адамгершілік құндылықтарды, Отанға деген саналы құрмет пен махаббат сезімін қалыптастыру, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Байқау міндеттері:

- өскелең ұрпақтың бойында рухани адамгершілікті тәрбиелеу;
- білім алушыларды пайдалы қызметке араластыру;
- балалардың жеке шығармашылық дарынын анықтау;
- кәмелетке толмаған балалардың арасында ерікті бастамашылдықты насихаттау;
- балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін ашу;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2016 жылғы 29 қаңтар мен 30 сәуір аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 23 сәуірге дейін gumcdo25@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172) 249 306, көркем-эстетикалық бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. **2016 жылғы 23 сәуірден** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. **Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(Резидент)

БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX
КНП 859
Кбе 16
АО БанкЦентрКредит

Төлемақы мақсаты: «Отаныма 25 игілікті іс» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **rumcdo25@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

9. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 30 сәуірде** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

10. Байқауға 4-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 1) кіші жас санаты: 4-6 жас;
- 2) кіші жас санаты: 7-9 жас;
- 3) орта жас санаты: 10-12 жас;
- 4) орта жас санаты: 13-15 жас;
- 5) жоғарғы жас санаты: 16-18 жас.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

- 1) «**Бейнеролик**».
- 2) «**Сурет**».
- 3) «**Эссе**».

Байқау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: «Патриот және азамат», «Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!», «Экология және балалар», «Салауатты өмір салтын ұстанамыз», «Достым», «Менің өлкем» және т.б.

12. Байқау жұмыстарына қойылатын негізгі талаптар:

1) «**Бейнеролик**» номинациясы:

- еркін үлгіде;
- бейнероликтің ұзақтығы 3 минуттан арттық емес;
- байқау қатысушысы бейнероликтің жанрын өз еркімен таңдауды (сұхбат, репортаж, бейнеклип және басқалары).

Байқауға жеке және ұжымдық жұмыстар қабылданады.

2) «**Сурет**» номинациясы:

Байқауға кез-келген техникада (фломастер, гуашь, акварель, бор, балауыз боры, тушь, пастель, қарындаш, және т.б.) салынған суреттердің фотолары (фото немесе сканерленген жұмыстар) қабылданады. Сонымен қатар, графикалық редакторларда (Adobe Photoshop, Paint және т.б.) жасалған жұмыстар қабылданады. Жұмыстың форматы - А4, паспартусыз.

3) «**Эссе**» номинациясы:

Эссенің көлемі А 4 форматындағы 1 беттан аспауы тиіс, аралық жол – 1,5, шрифті – Times New Roman 14.

13. Байқау жұмысының бас парағын толтыру реті. Байқау жұмысының бас парағы келесі ақпараттарды қамтуы керек:

- автордың аты-жөні;
- баланың жасы;
- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- байланыс телефоны.

13. Байқау өлшемдері:

- *Байқау тақырыбына сәйкес болуы;*
- *жасына сәйкес болуы;*
- *сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық ұстанымы;*
- *елестету байлығы және автордың шығармашылық тәсілі;*
- *байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу.*

4. Байқаудың қорытындысыншығару және жеңімпаздарды марапаттау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында орналастырылады.